

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы « 29 » қаңтардағы  
№ 39 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері республикалық меншікте қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

«Астана қаласы» деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-173-жолмен толықтырылсын:

«21-173. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ.

2. «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігіне» деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 336-1-жолмен толықтырылсын:

«336-1. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы».

3. «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 57, 546-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі» деген 1-бөлім:

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.»;

«Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті» деген 7-бөлімде:

«Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар» деген кіші бөлімнің 2) тармақшасы алып тасталсын.

4. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1005 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 551-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

«Қазыналық кәсіпорындар» деген 2-бөлімнің 14-тармағы алып тасталсын.

5. «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат):

көрсетілген қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесіндегі 1-тармақ алып тасталсын.

6. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат):

көрсетілген қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

Министрліктің қарамағындағы ұйымдардың тізбесіндегі 4-тармақ алып тасталсын.

---